

Сайран ӘБУШӘРІП
Жомарт ЖЕҢІС
 (Түркістан)

А Ф Р А С И А Б
 (Алп Ер Тонга)

В статье на основе анализа персидско-тюркских источников и произведений, а также сказаний показывается жизнь Афрасиаба (Алп Ер Тонги), его доблестная борьба за умножение мощи и славы Турана.

Bu yazıda Fars-Türk kaynakları, eserleri ve efsanelerinde yer alan Afrasyab'ın (Alp Er-Tonga) Turan'ın bağımsızlığını güçlendirme uğurunda yaptığı mücadelesi anlatılmaktadır

Деректер арқылы аты аңызға айналған тұрандық Пашанұлы Афрасиабтың бір жағынан Мауараннахр бен Сыр бойындағы мекендерден Шынға (Қытайға) дейінгі, екінші жағынан, М. Қашқари жазғандай, Абискун (Каспий) теңізінен айналып Рум елімен шектесетін түрік жұрты мекендеген жердің билеушісі, көсемі екенін көреміз. Афрасиаб туралы алғашқы мағлұмат б.д.д. VIII ғасырда дүниеге келген “Авестадан” белгілі болды. Бірақ жалпы Тұран тарихын, Афрасиабтың өмірбаянын, іс-қызметі мен шайқастарын зерттеу үшін Иранның ұлы ақыны А. Фирдаусидің орта парсы тілінде жазылған, толық мәтіні 1999 жылы Қатре баспасынан (Иран Ислам Республикасы) 1367 бет көлемінде басылып шыққан “Шахнамасына”, сондай-ақ аңыздар жинақталған ирандық басылымдарға жете үңілген жөн. Бұлардың деректік-танымдық маңызы зор деп білеміз. Олар Тұран елінің, түрік атты қауымның орналасу жағрафиясы, этносалты, мұң-мұқтажы, әлеуметтік жай-күйі, Иранға қарсы жанталас күрестің ұйымдастырушысы ретінде танылған, тарихи тұлғаларының көрсеткен ерен ерлігі жайлы көптеген сауалдарға жауап іздеуге мүмкіндік береді. Мақаладағы кезектегі сілтемелдер “Шахнаманың” осы нұсқасы бойынша беріліп отыр [1].

Афрасиабтың іс-әрекеттері б.д.д. VIII ғасырда орын алған Иран-Тұран қарым-қатынастарының желісіне байланысты өрбіген.

“Шахнамада” Кабус қосыны Макронға бара жатқанда Афрасиаб та шабуылға шыққандығы және бірінші кезіккен тази әскерін (тәжіктер әскерін) талқандағандығы жөнінде сөз болады:

Бар ошофт Афрасиаб он замон,

Бар обихт бо лашкаре тазион...

... шекаст омад аз торк бар тазион (160-Кабустың...).

Осы кезде Афрасиаб Тазилер әскеріне шабауыл жасайды.

Тазилер түркілерден жеңілді. Жеңілген тазилер Иранға қашты:

Хаме дар герефтанд зе Иран панох –

Барлығы Ираннан пана іздеп тығылды (160 Кабустың...).

Ал Ирандықтар болса Макранға келген соң әрі қарай Қап таулары мен батысқа қарап жол алады:

Чу омад бар шахре мекром гозар,
Суй кухе Қаф омад ва бохтар

(155-Кабустың Хамеваран шахымен соғысы).

Рустам Тұранға жорыққа аттанбас бұрын Хамаваран елі мен Берберстанды (Африкада) жаулап алып, олардың әскерін өзіне қосып алып молайтады. Рум патшасы одақтастық ниетін көздеп Фейсарды Иранға елші етіп жібереді (162-Кабустың...). Осылайша күшейген шах Тұран патшасына хат жолдап:

Джахон сар сабз зире дасте манаст (163-Кабустың...).

Әлем менің қол астымда,-дейді.

Тұран әскері бұл соғыста жеңілгенімен келесі жолы күш жинап қайта аттанады. Сонда Иран шахы Тұран патшасына:

Беду гофт кай торк хунхох мард

Аз Ирон се джанг бо ту ке кард

Черо даст иози бе суйе хаме – (193-Кабустың...)

Кай оған айтты: Түрік қанышер, Иранмен үш соғысты бастан кешірдің, неге барлығына тиісе бересің.

Тұран патшасы Афрасиаб мәуараннахрдағы қалаларды қайта жаулап алып, Канг теңізіне қарай шабуылға шығады.

Бухоро ва Соғд ва Самарқанд ва Чач,

Ва он кешкар ва тахте одж.

Тахи кард ва шод бо сепях суйе Ганг (225-Сиявуш)–

Бұхара, Соғд, Самарқанд, Шаш пен піл сүйегі елін тағы да жаулап алып, Ганг тарапына әскер шығарды.

“Шахнама және халық” (Тегрон, 1362) атты басылымнан Рустам мен Афрасиабқа байланысты тараған көптеген аңыз-әңгімелерді кездестіруге болады. Солардың бірі былай деп сыр шертеді:

Казерун (Иран орталығы, парсы аймағындағы қала) елі Рустамды зебра аңының етін жейтіндіктен палуан әрі батыр болған деп білген.

Бірде Рустам жалғыз өзі тау басына шығып, зебра аулайды. Таудан түсіп, аңды сойып, кәуап пісіру үшін от жағады. Сол кезде біреу Афрасиабқа Рустамның тауда жалғыз жүргені туралы хабар жеткізеді. Афрасиаб бірнеше жауынгерлермен бірге тау басына жетіп келеді. Тау басынан үлкен бір тасты жабыла көтеріп әкеп Рустам отырған жерге құлатады. Рустам құлап келе жатқан тасты аяғымен қағып жіберіп тоқтатады.

Рустам өлді екен деп ойлаған Афрасиаб әскерлерімен бірге ордасына кайтпак болады. Бірақ, тау жаққа қайта көз салып қарағанда Рустамның жайбаракат кәуап пісіріп жатқанын көреді. Рустам Афрасиабқа қарап тұрып: “Егер сіз мықты палуан болсаңыз, келіңіз, мына зебраның етінен бір турам кесіп берейін, жеп көріңіз”,-дейді. Олар қанша әуреленсе де зебраның бір жұлым етін жей алмайды. Сонда Рустам: “Мен күнде бір зебраның етін жалғыз өзім жеймін, сол үшін де мықтымын”,-деп жауап берген екен.

Бір күні Рустам жеті пахлаванымен Тұранға келіп, Афрасиабтың (Алп Ер Тонганың) аң аулайтын жерінде аңшылық құрады. Сол жерде Алп Ер Тонганың тұтқындалуына сәл-ақ қалады [2].

Содан кейін Алп Ер Тонга әскерлерімен Кайкавус еліне қарай бет алады. Кайкавус ұлы Сиявуш пен Рустамды түріктерге қарсы жібереді. Түріктер Балх бекінісін алады. Бұл арада түрік әскерлерінің басшылары Алп Ер Тонганы ирандықтармен бітім жасасуға көндіреді. Оларға өздерінің адамдарын кепілдікке жібереді. Содан кейін ол Бұхара, Самарқан және Шаш қалаларын тастап, “Ганг” қаласына шегінеді. Бұл кезде Кайкавус пен Рустам-Сиявуш аралары бұзыла бастайды. Кайкавус олармен жақсы мәміледе болмаған еді. Рустам өз жеріне кетті, ал Сиявуш Алп Ер Тонганың өлкесіне келіп ланалайды. Оны түріктердің астанасы болған Гангға дейінгі жерлерде жұрт құрметпен күтіп алды. Тіпті Пиронның қызымен тұрмыс құрды. Кейін Алп Ер Тонганың үлкен қызы Фарангиске үйленіп алды. Пиронның қызынан бір ұл көрді. Атын Кайхұсрау деп қойды.

Аңыздарға қарағанда Тұранмен шекаралық аралықта ирандық әскерлер Тұран батырының жас әрі сұлу қызын қолға түсіреді. Оны шах әйелдікке алады. Ол мезгілі жетіп босанып, ұл туады, оның атын Сиявуш қояды. Баланы әскери адамның тәрбиесіне береді. Уақыт өтісімен, бала әкесіне қайтарылады. Бірақ бекзаттық рудан шыққан өгей шешесі оны Ираннан тысқары жерге қумақшы болады. Шах оны Кангыда отырған күллі Тұран билеушісі Афрасиабқа қарсы қанды шайқасқа жібереді. Жас өспірім қара Сиявуш бітімге келуге әзір екенін Афрасиабқа білдіреді, бірақ оған Тұранның асыл бектерінің жүз бозбаласын кепілдікке беруін өтінеді. ...Афрасиаб оған және оның жүздік жасағына Тұранның қиыр шығысындағы бір аймағын береді. “Теңіздің арғы бетіндегі” Канганың бір жерінде Сиявуш Канг-деж бекінісін салады.

Сиявуштың Тұранға келіп, Пиранның, Афрасиабтың қызына үйленуімен Тұран-Иран соғыстары саябыр тауып, аз ғана уақытқа бейбітшілік орнайды. Сиявуш Афрасиабқа келгенде Тұран патшасы былай деп айтты:

Аз он пас ченин гофт Афрасиаб,
 Ке гардоне джахон ондар онад бе хоб
 Аз ин пас на ашуб хизад на жанг (236-Сиявуш).

Әлемнің тынышталатын кезі келді. Бұдан былай кек қумаймыз, соғыспаймыз. - Бірақ көп уақыт өтпей Сиявуш Кангасында Тұран әскерлері пайда болады [3]. Алп Ер Тонга мен Сиявуш аралары бұзылады.

Басқа деректер бойынша, мысалы, М.Қашқаридың мәлімет беруіне қарағанда, Сиявуш Шын жақтағы бір жерде емес, Мәуараннахрдағы Янкент (Дизроин – Мыс шәһары) қаласында өлтірілген. Бұл Бұхараға жақын жер. Мажусилер жыл сайын сонда бір күн жиналып, құрбандық шалып, қабіріне қанын шашады. Бұл оларға салт болып кеткен [4].

Сиявуштың Кангасы мүмкін Үлкен Хинганның солтүстігіндегі Кан (Ган) өзенінің Жоғарғы Арғунға құятын тұсы шығар. Алтайдағы Конгдошқа

байланыстырылып айтылатын Юз (Жүз) де бар [5]. Мұның Сиявуш жүздігіне қатысы қай дәрежеде екен? Олай болуы қисынға келе ме? Бұған тек тарихи деректерге сүйеніп қана жауап таба аламыз. Ондай деректер әзірше қолға түспей отыр. Қалай десек те, Сиявуштың (Сиевахша) Тұран жерінде өлтірілгендігі анық. Бұған Пиронның Афрасиабқа Сиявушты бекерге өлтірдің, оның саған көп уақыт қызмет етері күмәтінсіз еді ғой дегені дәлел [6].

Сиявуштың мифологиялық өмірбаянының өзекті тұстары Сырдария жағалауымен байланыстырыла айтылатын Алаша хан жөніндегі қазақ аңызында да қайталанған. Аңыздың барлық варианттарында аласталған ханзаданың жүздік жасағы көп рет тілге алынады да, Алаша ханның “алалығы” – оның көп құрамды этникалық тегінен деп түсіндіріледі. Онда аталған оқиға қазақ халқының мифологиялық арғы бабасы болып табылатын Қотан өмір сүрген кезде Түркістан қаласының маңында болған деп көрсетіледі. Ханның бәйбішесінен баласы болмаған және ол жорықта қолға түскен жас тұтқын қызды тоқалдыққа алады. Одан перзент көреді, бірақ ол ала болып туылады. Сондықтан өгей шешесі одан құтылуға асығады. Ол туылған бала өзінің алалығымен қалған балалар (басқа әйелдерінен туылған) арасында алауыздық тудырады деген уәж айтады. Бірақ оны өлтіруге ханның дәті шыдамайды. Сандыққа салдыртып, Сырдарияға тастатып жіберткізеді. Жағаға жақындап келген сандықты бір қайыршы көреді... Баланы құтқарып алады. Ханзада батыр тұлғалы болып өседі. Ол төңірегіне жүз ала жігітті жинайды да, серілік құрып жүре береді. Аласталған баласының тірі қалып, осылайша өмір сүріп жатқанынан хабар тапқан хан оны қайтармақшы болып, Қотаннан көмек сұрайды. Қотан Үйсін, Арғын және Алшынды басшы етіп, ара саны бірдей болған үш жүз жігітті ханзадаға жібереді. Бірақ олардың бәрі ханзадамен бірге кең далада қалып кете береді. Олар түрлі халықтардан әйел алады, сондықтан да сол жүздіктердің жүздері де ала болады. Олар өздерінің басшысы етіп ала ханзаданы кілемге емес, алашаға салып көтереді және Алаша хан деп атай бастайды [7].

Сиявуш та, Алаша да билеушінің басқа этникалық ортадан, бекзаттық рудан емес, төмен тектен деп есептелінген жерден шыққан әйелінен (тоқалынан) туған. Қазақ аңызында бедеу бәйбіше басқа халықтар өкілдерінен алған әйелдерден туылған түрлі балаларды қамқорына алғанда ала болып туылған баланы қуып жіберген. Сиявуш хақындағы аңызда баланың қуылуының басқа себебі көрсетілген. Бірақ екеуі де әкесінің үйінен тыс жерде тәрбиеленіп, замандастарына бас болған. Сиявуш жүздігімен Тұранның шет шекарасына кетеді, Алаша болса – мидай далада жүреді. Екеуінің де тағдыры Кангыда, Сырдария су стихия-сымен байланысты кешеді. Түрлі мекен, уақыт және ортада болған оқиғалар тізбегін таратып айтқан аңыздар арасындағы байланыстылық пен шендесу, аталған оқиғаның екеуінің де Сырдарияның тарбандық бөлігінде болып өтуі сюжетте тарихи шындық бейнеленген деген тұжырымға жетелейді.

Сиявуштың өліміне байланысты тағы да араға келіп Рустам килікті. Алғашқы шабуылда ол Алп Ер Тонганың ұлы “Сарканы” өлтіреді [8]. Тұранды алапат қырғынға ұшыратып, қалаларын өртеді. Алп Ер Тонга елін – Тұранды тастап шығып, Қытай теңізіне дейін қашып баруға мәжбүр болды. Рустам бірнеше жыл Тұран жеріндегі мемлекетті басқарады, кейін өзінің ана жұрты Иранға қайтып кетеді. Ал Алп Ер Тонга өзінің тағына қайтадан отырады [9].

Бұл арада Гударз түс көріп, Тұранда Сиявуштың ұлы бар екенінен хабардар болады. Ол өз ұлы Гевді * Тұранға жібереді. Гев Сиявуштың әйелі Фарангисті ұлымыен бірге Иранға алып кетеді. Сиявуштың ұлы Кайхұсрауды бүкіл мемлекет халқы лайықты қарсы алады. Қартайып қалған Кайковус өз ұлын емес, Кайхұсрауды таққа отырғызады.

Алп Ер Тонга балалық шағында-ақ Сиявуштың ұлы Кайхұсраудың көзін жоймақшы болған еді. Бірақ Пирон бұған жол қоймаған болатын.

Таққа отырған Кайхұсрау мен Ковус Алп Ер Тонгаға қарсы күресу жөнінде уәделесті. Олар әскерлерін жиып, түріктерге қарсы аттанады. Әскерлерді Тус басқарып барды. Бұларды бекініс төбесінен Пиронның Жарира есімді қызы – Сиявуштың әйелі көзден кешіріп тұрды. Ол Сиявуштан Фуруд есімді перзент көрген еді.

Жаһанда батыр жоқ Сиявуштай,
Мақтауы жер жүзіне жайылған атқан таңдай.
Кейін оған берді мені Пирон,
Түріктерге үйленбес еді ол ешқашан [10].

Жарираның осынау сөздері Тұранды түріктердің жайлағанын, Афрасиабтың (Алп Ер Тонганың) түрік екендігін айқындап тұрғандай әсер қалдырады.

Туспен және басқа батырлармен соғысқан Фуруд ирандықтардың қолынан қаза табады. Бұдан кейін тұрандықтар жеңіске жетеді. Иран әскерлері өз жұртына қайтады. Кайхұсрау Сиявуштың кегін қайтару үшін әскер жинап, тағы да Тұранға жорыққа аттанады. Бірақ ирандықтар бұл шайқаста жеңіліп қалады.

Бұл кезде Иран да, Тұран да үлкен державаларға айналып, әлемді билеуге ұмтылады. Тұран патшасы Үндіге дейінгі жерді жаулап алуға шешім қабылдайды:

Номе омад аз шох
Бе наздике солоре Турон сепох
Ке аз ожджо бору то бе дарной Чин

*

Гударз – темірші Кова әулетінен шыққан пахлаван. Оның қызы Шахрбону-Рустамның әйелі. Гударздың ұлы Гев – Рустамның күйеу баласы. Оның әйелінің аты-Бану Гуштасп.

Аз он пас гозар кун бе макрон замин.
Хаме ру ченин то саро мазре хенд
Ва аз онджо гозар кун бе даркой сеид
Хаме боже кешвар саросар бе хох
Бе гатар бе марзе хазар даре сепох (248-Сиявуш).

Патшадан (Афрасиабтан) Тұран әскери қолбасшысына хат келді. Онда былай деп жазылған: Сол жерден Қытай теңізіне бар. Сол жерден Мекрон жеріне өт. Дәл сол жерден Үнді шегарасына өт. Сол жерден Синд өзеніне бар. Бүкіл елдерден салық ал. Әскерді хазар шегарасына дейін жай.

Бірақ Тұран басшыларының жоспарын Рустам іске асырмай тастайды.

Алп Ер Тонгаға оның қол астындағы көп елдерден әскерлер келіп жәрдем береді. Бұлардың арасында сол заманның ең үлкен пахлавандары Комус Кошони мен Қытай патшасы да бар еді. Ирандықтар бір тау шатқалында жан-жағынан қоршалып алынады. Түріктердің Бозур атты бір сикыршысы тауға қар жаудыртады. “Шахнамада”:

Зе Туркон иеки буд Бозур ном
Бофсум бехар джой гостарде кам

Биолухте кажи ва джови (359 – Камус Кашани),- делінген. Түркілерде Бозур атты біреу болды. Оның сикыры барлық жерге жүреді. Сикыр мен жадылықты меңгерген. Осы бақсыны Пиран Ирандықтарға жұмсайды:

Ке аз ой дар бороу то саре тиге кух
Барф ва сармо ва бод дамон.

Баройшон биобар хам ондар замоно (359-Камус Кашани. Осы жерден тау басына бар, сол мезет оларға қар, жел жібер. Сәлден соң түріктер ирандықтарға шабуыл жасайды.

Жан-жағының бәрі тау-тас. Тұрандықтар оларды орап алған. Осындай жағдайда Рустам Дастан жетіп келіп, түрік әскерлерін қырғынға ұшыратады. Тұран әскерлері асып-сасып, тым-тырақай қаша жөнеледі. Солардың арасында жүрген Қытай Қағаны да тұтқындалады.

Рустам Афрасиаб әскерін талқандап Тұран жерінің біраз бөлігін басып алады. Сонда бұрынғы Тұран одақтастары Иранға бет бұрады.

Бе Мачин ва Чин омад ин огохи
Ке бенешаст Ростам Бемохеншахи.
Хаме хедихо сохтанд ва нежор (281-Сиявуш).

Рустамның патшалар тағына отырғандығы туралы хабар Машын мен Қытайға жеткенде олар силық әзірлей бастады. Рустам енді Тұрандықтарды бас көтере алмастай етіп талқандайды.

Зе Турон замин то бе сахлоб ва Рум
Намонданд иек марзе обод бум.
Хами сар бориданд барно ва пир
Зан ва кудаке хорд карданд асир (273-Сиявуш).

Тұраннан Славяндар мен Румға дейінгі жерлерде бір сау жер қалмады. Кәрі демей жас демей барлығының басы алынды. Әйелдер мен балалар күл болды.

Оңбай жеңілген Афрасиаб Ганг теңізінің батысына кетті. Осы кезден бастап енді Тұран-Иран шегарасы бұрынғыдай Джейхун да, Қытай теңізі де емес, Касеруд (Касе өзені) өзені болды. Енді Касерудтан өту шегараны бұзу болып саналды. Иран енді осы шегараның өзіне қауіп төндіре бастады.

Хабар шод бе торкон ке аз Ирон сепак
Суйе Касеруд андар омад барох (329-Сиявуш өлімі).

Аудармасы: Түркілерге Иран әскері Касе өзені тарапына қарай шықты деген хабар жетті. Сол кезде Афрасиаб өз әскеріне

Хаме бо дарафси ва табире шабим (331-Сиявуш өлімі).

Аудармасы: Барлығымыз шоупермен барабандайық,-дейді. Сол тұста Тұран қолбасшысы Пиран әскери жоспар құрып, оны әскеріне түсіндіреді:

Кунам руз бар шохе ирон сиох
Иеки бахре зе ишон ферестам бе Балх
Бо иронион бар кунам рузе талх
Дигар бахре бар суйе Кобулестан.
Бе Кобул кешам хоке Забулестан
Севом бахре бар суйе Ирон берам.
Зе Торкон бозоргон ва широн берам
Зан ва кудаке хорд ва пир ва джаван.

Намонам ке бомад тони ио равон (371-Камус Кашани):

Яғни, Иран шахының күнін қараң қыламын, Ирандықтардың күнін ащы қыламын. Бір бөлігін (әскерімнің) Балхқа аттандырамын, келесі бөлігін Кабулстанға, Кабулдан Забулестанға. Үшінші бөлігімен Иранға барамын. Түркілермен, шонжарлармен, арыстандарыммен барамын. Әйел ме, бала ма, жас па кәрі ме, ешкімді қалдырмаймын (қырамын).

Бұл соғыста Тұран өздеріне Қытай, Славяндар, Хатлан, Шагноб елдерін одақтас етті. Бұлардың ішінде Қытайдың маңызды одақтас болғанын Пиран қолбасшының Қытай патшасына келгенімен түсіндіруге болады (371-Камус Кашани).

Сепохи биомад бедин сон зе Чин
Зе сахлоб ва Хатлан ва Туран замин.
Куджо ошти хуоход Афрасиаб

Ке Чандон сепох омад зе хошк ва Об (403-Қытай қақаны):

Қытай тарапынан осында әскер келді. Славяндар мен Хатланнан Тұран жеріне әскер келді. Афрасиаб бітімге келеді ме ? Осыншама әскер құрғак пен судан ағылып келіп жатқанда.

Бұл соғыстың көп ұлтты болғандығы жөнінде жырда былай жазылған:

Зе коште хаме дашт овардгох,
Тан ва пошт ва сар буд ва тарг ва колох.
Зе Чини ва шагани ва аз хендеви

Зе саклаб ва хери ва аз пехлеви (409-Қытай хақаны):

Аудармасы: Соғыс алаңы өлгендерге толды, дене, арқа, бас пен дулығаға толды. Қытайлардың, шагонилықтар, үнділер мен славяндар, херилер мен пехлевилер жөңкіп жүрді. Рустам оларды қыруға ант етті:

Иеки ро аз шагноб ва саклоб ва чин намонам (405-б.) : Шагноб пен славян, қытайдан бір адам қалдырмаймын.

Рум мен Қытайдың Тұранға мен одактасқандығын:

Ке бо Рум ва Чин Ахриман бод джофт (406-Қытай хақаны):

Қытай мен Румға Ахриман жұп болады,-деген сөздер көрсетіп тұр.

Тұран батыры Фарзар енді бұрынғы шегараны қалпына келтіруге ант берді:

Шавам то бедон руй дарной Чин,

Беду монам ин марзе Турон замин. (40-Қытай хақаны):

Қытай таңізінің арғы бетіне өтемін, сол жерді Тұран жерінің шегарасы етіп белгілеймін,-дейді Тұран қолбасшысы Фарғар Афрасиаб қағанға.

Күндердің бір күні Кайхұсрауға Ирон жерінен елшілер келіп, тұрандықтардан жәбір көріп отырғаны жөнінде арыз айтады. Жәрдем беруін өтінеді. Ол Тұранға Гевдің ұлы Бежанды жіберуге шешім қабылдайды. Тұранға келген Бежан бір күні орманда сұлу қыздарымен бірге серуен кұрып жүрген Манижаны көреді. Манижа Алп Ер Тонганың қызы болатын. Олар бірін-бірі ұнатып қалады. Манижа Бежанды сарайына алып келеді. Сол арада Алп Ер Тонгаға хабаршы жетеді:

Тұран шахына ол деді бірден:

“Қызыңыз күйеу тауыпты ирандықтардан” [11].

Алп Бежанды ұстап әкелуге Гарсевазды жібереді. Ол қыз ойнақ болып жатқан жерге қаны қайнап кіріп келеді. Бежан оған:

Кашвод немересі Бежан боламын,

Батырлар, ұлылар сардары менмін [12],-дейді.

Пирон Алп Ер Тонгаға келіп Бежанды дарға аспауын өтінеді.

Бұрындары да Ковус ұлын өлтірмегін деген едім. Сиявуш бұл күнде қызмет етер еді. Тыңдамадың. Ирандықтар, Рустам – бәрі жау болып шыға келді емес пе? Бежанның артында кімдер тұрғанын білемісің? Егер Бежанның қаны төгілсе, Тұранның соғыстан көзі ашылмай қалады. Өшің екі еседей артып бара жатса да қоя тұр, бізде жетерлік күш жоқ. Бірден Рустам жетіп келер.

Алп Ер Тонга деді: “Қартайғанда бұлар жүзімді жерге қаратты. Бұл дақ әлемде жуылмай тұрады ұзақ. Рәсуа болдық, азап-тозақ-бұл”.

Пирон: Бежанды зынданға тастасақ та жетер. Сонда ол тіршіліктен әсте-әсте өшер,-деді.

Иран падишахы жас қолбасшысының кешіккенінен қобалжып Тұранға, Қотан қаласына Рустамды жібереді. Рустам Пиронның мекен-жайына жол алады. Ол

“Тұран топырағына жеткен шақта,

Сардарларын саптан ажыратты көзді ашып-жұмғанша”[13].

Рустам саудагер кейпін киіп, Тұран қаласына жол алады. 100 түйеге қазына артып, тағы 100 түйеге әскерлердің киім-кешегін жүктеп, дала-дешті басып өтіп, Пиронның көркем мекен-жайына келеді. Бұл мекен Тұранның бас қалаларының бірі – Қотанда еді [14]. Қотан – қазақтардың әпсаналық бабасы деген дерек бар. Мұны екі жақты мағынада түсінуге болады: “Шахнама” бойынша, Рустам Қотан өмір сүрген қалаға (әпсана Қотан Түркістан қаласының төңірегінде ғұмыр кешкен дейді) жол алған болуы мүмкін. Немесе дастанда сөз Рустамның Шығыс Түркістандағы Хотан қаласына сапар шегуі хақында болған деп ойлауға қисын бар сияқты.

Рустамның арқасында бұл жолғы соғыста ирандықтар жеңіске жетеді. Алп Ер Тонга Қарлуқ өлкесіне қашты. Содан соң ол Елінің игі жақсыларын жиып, өзінің ойларын ортаға салды: “Мен дүниеге әмірімді жүргізіп келген едім. Манучехр заманында да Иран Тұранға бәс келе алмаған. Міне, бүгін ирандықтар менің сарайыма да қауіп төндіруде. Үлкен бір өш алуды ойластырып жүрмін. Мыңнан мың Түрік пен Қытай әскерлерін бастап жорыққа аттанайық”.

Алп Ер Тонга Ел басшыларын жиып кеңес құрды. Олар “Не істейік!” Қытай және Сақлаб әскерлері талқандалды. Бізді аналарымыз өлмек үшін туды ма, десті. Соғысқа дайындық жүріп жатты. Алп Ер Тонганың ұлы “Шиде” өз сарбаздарымен келіп сапқа тұрды. Мұның өзі Алп Ердің мерейін тіптен биіктетіп жіберді. Сондай-ақ, Қытай тауларындағы “Пуладвенд” атты Қытай армиясы да келіп жетті. Афрасиаб Шидеге айтты:

Сепардам торо рохе Хорезм соз.

Негохбоне он марзе Хорезм бош.

Хамише комарбастейе разм бош. (Дабоздах рах– 470).

Аудармасы: Сені Хорезм жолын салуға тапсырдым* ,

* Географиялық жағынан Хорезм көшпенді түркі тайпаларымен шекаралас болды. Бұл көршілік олардың этникалық құрамы мен тіліне әсер етпей қоймады. Хорезм даласының түркіленуінен кейін Хорезмнен басқа да аудандар түркілене бастады. Исламның алғашқы жылында Хорезмде иран тілінің диалектісінде сөйлесіп, жазды. Ал, XI ғасырда парсы сөздіктерінде Хорезм тілдері деп түркі тілдерін айтты. X ғасырда тіпті Хорезмдіктер мен түркілердің сырт пішіндерінің ұқсастықтары да байқалған.

Бұл кезеңде түркілер белсенді түрде дәстүрлі иран тілдес отырықшылар территориясына белсенді түрде еніп, бұл аймақты біртіндеп түркілендіріп, енді Иранның ішкі аудандарына да ену қаупін тудыра бастаған болатын. Якуби Шаш туралы жаза келіп бұл жерлерді Хорасан мен Систанды (Иранның солтүстік-шығысы мен шығыс аймақтары) толығымен иеленіп отырған түркілердің жері екенін көрсетеді. Истахридін жазуынша “халаджар түркілер қауымынан болатын. Ертеректе осы жерге (Систан) келген. Түрлері түркілерге ұқсас, түркілік салтты ұстайды, түркі

Хорезмдегі сол шегараның қарауылы бол,
әрқашан күреске белің бекем буылсын.

Иран шахына Тұран әскерінен бір елші келді. Біз сізге бағыныштымыз деді. Тұран Иранға өкпелі, әйел, бала қайғыда Дегенмен біз мұнда кек қайтаруға келгеніміз жоқ:

Ке Туран зе Иран хаме пор замаст.
Зан ва кудане хорд дар мотемаст. (535-12 рах)
На бар арзиуе кинехох омадим.
Сепакбад суйе осмон кард сар.
Ке ей додгоре довар морегар (535-б.).

Қолбасшы аспанға басын көтерді.

Қарахан саларе чарампесар
Камар баст ва омад бе пише педар
Беду дод торке чегеле си хезар...
... Тарази, ва ғузи ва халадж севар. (Кейхосрау мен Афрасиаб
соғысы, 545).

Аудармасы: Қарахан батыр белін бекем буып, әкесіне келді. Оған (әкесі) шігіл түркілерінен 30 мың берді; тараздықтар, ғұздар және атты халаждардан берді.

Хамон си хезор аз илон торкман (5453) Кейхосрау.

Аудармасы: Сол отыз мың түркмендер.

Осындай этникалық ала-құлалыққа қарамастан бұларды бір елге жатқызады:

Сепохе бо кешвар кешиданд саф (556-б.).

Аудармасы: Екі ел әскері сап түзеді.

Қытай мен Үнді, Рим Иранға шабуыл жасайды:

Чу хакане Чин ин сохатко шенид
Зе Чин ва Хотан лашкари бар гозид ... (982)
Ва аз суи кй сар сепак бар герефт

тілінде сөйлейді". (Иакуби, Ахмад. Ал-Булдан. –Техран: ВТНК, 1347х/ж. - 716.;

Истахри, Абу Исхак. Масолек ва мамолек. –Техран, ВТНК. 1347х/ж. - 376.).

Хаме кешваре Рум лашкар герефт.
Бе ирон чу огохи омад зе рум
Зехенд ва зе чин ва зе обод бум.
Ке кейсар сепак кард ва лашкар кешид.
Зе чин ва хотан лашкар омад паид. (983)

Аудармасы: Қытай қақаны бұл сөзді естігенде
Қытай мен Хотаннан әскер шығарды
Бүкіл Рум елі де әскер шығарды
Осылайша Иранға да хабар жетті
Рум патшасының әскер шығарғаны
Қытай мен Хотаннан да әскер пайда болғаны жөнінде

Иран бұл соғыстың алапат жойқын боларын сезіп, батырларын жинайды:

Гозин кард зе иронион си хезор
Кардманд ва шойсте карзор.....
Ва аз он джойгох лашкар андар кешид.
Суй озор ободегон бар кешид (983).

Аудармасы: Ол ирандықтардан 30 мың әскер жинап,
Азар жаққа орналастырды

Өзі де Азарға келіп, қақанға хат жібереді елші арқылы:

Невештанд пас номей бажде бор
Аз ирон бе наздике он шахривор
Саре номе гофтанд мо бандеим
Бе фармон ва роят сарофгандеим
Зе чизи ке бошад бе ирон замин
Ферестим наздике хақане чин.
Хамон жиз бо хедие ва бож ва сов
Ке бо джанге торкон надорим тов (Бахрам 985).

Аудармасы: Хатта біз сенің құлыңбыз,
сенің айтқаныңа көніп, айдауыңа жүреміз,
тапқан - таянғанымызды сіздерге береміз.
Салық та, сыйлық та, байлық та сіздікі.
Біз түріктермен соғыстың
.абырой әпермесін білеміз,-деп жазылған.

Бұл хатқа түрік қақаны қуанып, риза болады. Ол өз ақсақалдарымен ақылдасып, салықты алып алған соң Иранға бәрібір шабуыл жасаймыз, дейді де әскерін Мервке қарай қозғайды:

Би обард лашкар зе озаргашсп.....
Хами тохт лашкар чу аз кух сил
Бе омуль гозашт аз даре ардебил.
Зе амуль биомад бе горган кешид.....
Зе горган биомад бе шахре неса.....
Бедин сон биомад бе наздике мерв (985).

Аудармасы: Әскерді алдымен Азаргашсптен шығарып,
таудан аққан селдей болып,
Ардебиль өткелі арқылы Амульге алып келеді
Амульден Горган қаласына алып келіп,
одан Ниса қаласына келеді де,
сол жерден Мервке келеді.

Осы жерде түркілер мен ирандықтардың кескілескен соғысы болып түркілер жеңіледі. Бұдан соң Қайхұсрау дүниенің үштен екісіне ие болады.

Алп Ер Тонга мыңнан-мың әскерлерінің үштен екісін ғана жия алады. Байкент қаласындағы ордасының алдында бірнеше қаһармандарының жалаулары желбіреп тұрды. Өзінің ұлы Қара Ханға әскерлерінің жартысын беріп, Бұхараға жөнелтті. Ұлдарынан Шиде (шын аты Пашан), Жаһан, Афрасиаб, Гирдегир және Иланың ұлы Гукейлалар осы қосынның қатарынан табылды. Чігіл, Тараз, Оғуз, Қарлұқ және Түрікмендер әскерлердің денін құрады. Алғашқыда Иран падишаһы Қайхұсрау мен Шиде жекпе-жекке шықты. Шиде өлді.

Бірнеше шайкастан соң Алп Ер Жайхунға шегінді. Қара Ханның әскерлерімен бірге Бұхараға келді. Кейін астанаға (Ганг) оралды. Бұл жаннат сияқты, жұпар иісті, дуалдары алтын-мыспен апталып салынған бір қала еді.

Сол арада Қайхұсраудың жансыздары Жайхунды кешіп, мәліметтер жинақтап жүрді. Қайхұсрау алғашқыда Соғдыға келеді. Түріктер күресіп бақты, ирандықтарға су бермей қойды, жалғыз жүрген Иран әскерлерін өлтіріп тастап жүрді. Қайхұсрау да тап болған сарай, бекініс, еркек-әйелдерді жойып отырды. Екі елдің армиясы “Гүлзари” өзенінің жағасында ұшырасты. Кеш батқанша соғысты. Ертеңгі күні шайқас тағы жалғасты. Қара Хан әскерлерінен Қара Ханның жалғыз бір өзі қалғандығын хабаршылар жеткізді. Қайхұсрау мен Рустам Алп Ер Тонганың ізіне түсті. Ол Гангға келді. Онда әр оқ бойы бір хауыз бар еді. Бұлақтардан ағып жатқан сулар есепсіз. Бекіністері тіптен биік, аспанмен таласады. Оның үстінен қарғалар да ұша алмас еді. Әр жерде бау-бақшалар мен гүлзарлар көрініп, көркем сарайлар ғажайып көрініс беріп тұратын.

Қайхұсрау әскерлері Рустаммен бірікті. Бекіністің төңірегінде оқ каздыртты. Отын үйіп, оған қара май құйып, өрт қаулатты. Дуалдар

кұлап жатты. Алп Ер Тонга 200 бегімен сарайының астындағы жасырын жолмен қашып кұтылды. Олар Қытай билеушісінен жәрдем алу мақсатында Шығысқа қарай жол алды. Қытай патшасы үлкен бір армияны жасақтап жіберетіні жөнінде уәде берді. Қайхұсрау қосыны Ганға қайтып келген Алп Ердің әскерлерімен ұшырасты. Алп Ер шөлге (Қызылқұмға) шегінді. Қытай билеушісі болса, Қайхұсрауға қарсы шабуылдауға батынбады. Алп Ер Зере теңізіне келді. Кемеге отырып, Гангидиз қаласына жол алды. Бұдан хабар тапқан Қайхұсрау бірсыпыра жерлерді қолына қаратқан соң, Зере теңізін кешіп өтеді. Гангидизді (Кенджида немесе Кенджеһ) басып алады. Ақырында астана Ганға келеді. [15]

Ганг немесе Канг қаласы орналасқан 4 аймақ Білге Қаған жазуында Кангу-тарман, ал Күлтегіннің үлкен жазуында Кангутарбан деп аталған. Жазуда аздар мен түргештерді Күлтегін Өтүкен^{*} жерінен көшіріп, Кангутарбанға (тарманға) қуды, түрік халқын сол жерлерге дейінгі аралыққа орналастырды делінген. Тарбан сөзі Тарбанд деген соғдыша сөздің толық болмаған түрі. Ол екі компоненттен tar (“қара”)+band (“шекаралық бекініс”) құралған. С.Кляшторный Тарбанды көне заманнан бері Сырдарияда дербес территориялық және саяси құрылымына ие болған Қанғ немесе Кангха атаулы қауыммен байланыстырады. Тарбанд Сырдария орта ағысының оң жағалауындағы Отырар оазисінің бір атауы болса керек деп топшылайды[16].

Біздің жыл санауымызға дейінгі II ғасырда бұл елді қытайлықтар канг-куан деп атаған. Мұның өзі Кангханың көне үнді және авесталық әуенде айтылуымен үндес келіп тұр. Бұл атау кейінірек Кенджида (Кенджеһ) түрінде айтылатын болған. Зерттеушілер Кенджиданы Арыс өзенінің орта ағымында болған деп шамалап, оның басты кенті Субаникетті (Арысубаникет) Жуан-төбемен байланыстыра жазып жүр[17]. Түркістан қаласынан 70 шақырым жерде орналасқан Қандүз (Кандуз) ауылының аты да жоғарыда айтылған болжамды қуаттап тұрғандай. Канг-Ганхо-биік,қасиетті деген мағынаны береді. Канг қазақшадағы “Дін” сөзімен ұқсас сияқты. “Діннің” де мағынасы-биік, қасиетті. Түрлі тілдерге айтылуы мен жазылуларда “К” мен “Д” дыбыстарды ауыстырып алмаған деп кім айта алады?

Сонымен, “Он екі шайқас” дастанынан мәлім болғанындай, 12 рет шайқас болып, бұларда Тұран әскерлері талқандалады. Пирон, Барман, Хуман және Тұранның көптеген басқа қаһармандары бұл соғыстарда шәйіт болып кетеді.

Иранда Рустам мен Афрасиабқа байланысты көптеген аңыз-әңгімелер тараған. Солардың бірі Фарс аймағындағы Хунгәшт шекарасы, Оқлидабаде парсының “бес фәрсәх” (әр фәрсәх алты шақырым) қашықтығында болған Рустамның шайқастарын баян етеді.

*Өтүкен - Ұйғыр еліне жақын жер.

Рустам заманында Афрасиаб Иранға шабуыл жасайды. Чин хақаны мен Шенгәл (Үндістан патшасы) және Әшкбус (Тұран сардары) үзеңгілесе парсы шығанағынан өтіп жүрген жерінің бәрін күйретіп Хунгәштқа дейін жетеді. Бұл хабар Заболстанға жетіп, Иран патшасы Кейқауыс Рустамды жүз атты жауынгерімен Афрасиабқа қарсы соғысқа жөнелтеді. Рустам жолға шығып, Хунгәшт мекеніне қарай бет алады. Ол жерде Ақтау деп аталатын бір тау бар еді. Таудың басында “Қыз сарайы” деген бір сарай болады. Рустам сол сарайда түнейді. Мұны білген Афрасиаб сарайға “жеті қосын ордасынан” бір тыншыны жібереді.

Жұпыны киінген тыңшы Рустамның ордасына барады. Рустам аталмыш сарайдан “жеті қосын ордасын” көздеп садақпен атады. Жебе орданың ортасына келіп түскенде ешкім де бұл жебе қайдан оқталып келгенін түсіне алмайды. Тек қана “Пирон Висе” бұл жебе атақты палуан Залұлы Рустамдан екенін біледі. “Висе Авеста” кітабында Пирон Висеұлы – Висе Афрасиабтың әкесінің туған бауыры және Тұран елінің сардары, қолбасшысы деп жазылған. Ал Пехлеви жазбасында бұл есім “Vesag” түрінде берілген (“Шахнаманың” түсіндірме сөздігі. Теһрон, 1370, 745-бет). Әйтеуір “жеті қосын ордасына” қайтып барғанда тыңшы Рустамның тұлғасын былай деп сипаттай жөнеліпті:

Һәмән Рустами раке мән дииеәм
 бе Горзе Гернәш пәсәндииеәм
 сәр-е Герд дарәд-у-риш-е до фак
 кәмәр бәнд-е барик-у синейе фәрах
 әгәр Рустам айәд бе ин сәрзәмин
 нә шәнгал бемәнәд нә хақан-е чин

Қазақшасы:

Мен көрген Рустам сол болса,
 Ауыр шоқпарын ұнатқан болармын.
 Домалақ басты да айыр сақалды,
 Жіңішке белдігі бар да жалпақ төсті.
 Рустам бұл өлкеге келе қалса,
 Қалмас Шәнгәл да, Чин хақаны да.

Рустам Афрасиаб ордасының қарсы алдына келіп қоныс тебеді. “Рустам дегеніңіз осы ма?”-дейді Әшкбус. “Мен оның қолын байлап Афрасиабтың хұзырына алып келемін”. Осылай деген Әшкбус тұлпарына отырып майданға шығады. Рустам да жаяу майданға келеді. Сонда Әшкбус Рустамға былай дейді:

Пияде бе жәнг амәди әи жәван
 Мәр әсбәт нәдадәнд ираниян.

Қазақшасы:

Жаяу шықтың шайқасқа, әй жігіт,
 Ирандықтар бермеді ме саған тұлпар? [18]

Рустам айтты:

Ферестада мәра шах-е Қавус-у тус

Бегирәм до сәд әсб әз Әшкбус

Қазақшасы:

Тустің Қавус шахы мені жіберді

Әшкбустан аларсың екі жүз тұлпар деп (Шахнама және халық. Теһрон, 1362).

Рустам Әшкбуске айтады: “сен маған қарай үш оқ ат, мен де саған үш оқ атамын”. Әшкбус Рустамға үш оқ атқанда да қыңқ етпестен тұра береді. Өз кезегінде Рустам да Әшкбустың төсіне қарай оқ жебесін жіберіп, оны тұлпарынан құлатады. Осы сәтте Афрасиаб Чин хаканы мен (Үнді патшасы) Шәнгәлді жорыққа шығуға бұйырады. Атақты палуан (Рустам) болаттан жасалған сексен мән (240 кг) салмағы бар Сам Нариман семсерін қолға алып, “жеті қосын ордасына” лап береді. Сөйтіп барлық патшаның палуандары мен “жеті қосын ордасының” әскерлерін түгелдей қырып салады. Сол себептен осы шайқас болған аймаққа “Хунгәшт” (“қанға бөккен”) деп ат қойылған. Рустам чин хаканын да өлтіреді. Шәнгәлдің желкесінен жұдырықпен қойып жіберіп, мойнын сындырып, оны тұтқынға алады. Барлық әскер қаза тапқан соң Афрасиаб қашып, тау басындағы бір үңгірге жасырынады. Рустам оның ізінше қуалап отырып, тауып алады. Афрасиаб Рустамға қарай қаншама оқ атса да, ол сақтана білді. Соңында Рустам Афрасиабты үңгірден шығарып алып, оның басын кеседі [19].

Мәздиснаның діни жазбалары мен “Шахнамада” Хум- Афрасиабты тұтқынға алған адам.

“Шахнамада” былай делінген: “Хум тақуа адам ретінде сыйынуға тауға шығады. Кенет құлағына налыған дауыс шалынады. Оған ден қоя тыңдаса, Афрасиабтың зары екен. Афрасиаб Кейхосраудан жеңіліп, тау үңгірін паналап жүрген. Хум оның зарлы дауысына беріле құлақ салғанда, Афрасиаб так пен тәжден айрылғандықтан өз тағдырына шағымдана зарланғанын естиді. Хум арқан алып, Афрасиабқа жақындайды. Екеуі біршама уақыт алысып, ақырында Хум оны тұтқынға алады. Қолдарын мекемдеп байлап, үңгірден сыртқа шығарады. Жол жүріп келе жатып теңіз жағалауына жақындай бергенде, Афрасиаб қатты байланған білектерінің ауырып жатқандығын сездіріп, айқай салады. Хум оған жаны ашып, арқанды біраз босатады. Афрасиаб дереу осы мүмкіндікті пайдаланып, арқаннан босанып шығады. Сөйтіп, тез арада “Чичост” (қазір “Үрумие” деп аталады) көліне түсіп, көзден ғайып болады.

Осы оқиғадан кейін Гудәрз, Гив тағы басқа белсенді жауынгерлер Хумның теңіз жағалауында сенделіп жүргенін көріп, қолындағы арқанына көз түседі. Не үшін бұлай жүргендігінің себебін сұрайды. Ол болған оқиғаны айтып береді.

Осыдан соң Гудәрз, Азаргәшеп Оташкәдесінде (от ғибадатханасы) Кейхосрау мен Кайкавусқа жолығып, болған оқиғаны баяндап береді. Бұл жайлы естіген патшалар атқа мініп, Хумға барады.

Хум жағдайды айтып, Кайхосраудан тұтқындағы Афрасиабтың бауыры Кәрсивәзді теңіз жағалауына алып келіп, азаптауын сұрайды.

Афрасиаб бауырының қорланғанын, шырылдаған азапты дауысына төзе алмай, қаны қайнап, теңіз тұңғиығынан шығуға мәжбүр болатынын айтады.

Айтқандай, Афрасиаб төзімі бітіп, теңіз түбінен шығып, бауырымен қауышады. Қолдарынан шығып кеткен сән-салтанат, тәж бен таққа зарлай бергенде, Аралдан бір азамат шығып Афрасиабты құрықтап, Қайхосрауға тапсырады.

Қайхосрау Афрасиабты Ағрирес, Нұзар, Сиявуштарды өлтіргендігі және тағы басқа да қылмыстары үшін басын шауып өлтіреді. Кәрсивәздің де сазайын береді.

Ал түрік аңызында Афрасиаб өмірінің соңғы сәті басқаша баяндалады:

Афрасиаб өмірінің ақырында адам бойынан мың есе ұзын, есік-тесігі түгел бекітілген қорған салып алып, тығылып жатыпты. Алтын мен күмістен бірі-ай, бірі-күн, екі шам орнатыпты. Қорғанның іші асыл тастардың жарқылынан күндізгідей жарық болып тұрады екен. Бірақ ажалдан құтыла алмапты. Ажал адам кейпіне еніп келіп, жанын алыпты.

Сонымен, Қайхұсрау бекерден-бекер өлтірілген өз әкесі Сиявуш үшін кек алу мақсатында Алп Ер Тонгаға қарсы күреске өзі басшылық жасайды. Ақырында... Алп Ер Тонга інісі Гарсевазбен (Кәрсиваз) бірге тау шатқалындағы бір үңгірге барып паналайды. Бұл маңайда жұрттан окшаулана өмір сүрген “Хаум” (Хум) есімді бір дәруіш жүретін-ді. Ол бір күні үңгірден адам дауысын естиді. Бұл Алп Ердің дауысы еді. Ол тағдырынан налып, үн қатқан еді. Алп Ердің аузынан шыққан сөздердің түрікше екенін аңғарған Хаум оған бас салады. Бірақ оның қолынан босанып алған Алп Ер тау аңғарын бойлай ағып жатқан өзенге сүңгіп кетеді. Ақырында Қайхұсрау айлакерлікпен оны қолға түсіріп, жер жастандырады.

Әкесі үшін кек алған Қайхұсрау Иранға қайтып келіп, тағын жамағайыны Лухраспқа тапсырады және бір топ пахлавандарымен бірге тауға шығып кетеді. Онда қарлы боран күндері ғайып болады. Кейінірек Лухрасп тағын ұлы Гуштаспқа босатып береді. Бұл кезде Зардушт есімді пайғамбар пайда болады. Гуштасп өзінің қауымымен бірге Зардуштің дінін қабылдайды.

Бірақ Тұранның билеушісі Аржасып (Ержасып – Алп Ер Тонга ұлы) Гуштасптан бұл діннен шығуын талап етеді және соны желеу етіп, жанжал шығарады. Осылайша Иран мен Тұран арасында жаңа соғыс басталып кетеді. Бұл жолы Иран әскерлерін шах ұлы Исфандилр басқарып келеді...

Парсы жазбаларында [20], әсіресе тәжік комусларында (энциклопедияларында) Афрасиаб жауыздықтың рәмізі ретінде, үрей селушы мағынасында бейнеленеді. Соған қарамастан парсылық әдеби деректерінде Афрасиабтың тағдырына байланысты шындықтың кейбір тұстары аңыз түрінде болса да ашып көрсетілген. Олардың маңызы осында деп білеміз. Бұл ретте Юсуф Хас Хаджиб жазады:

Тәжіктер оны Афрасиаб деп атайды,
 Бұл Афрасиаб жұрттарды өз қол астында ұстап тұрды.
 Тәжіктер оны кітабында жазып қалдырған,
 Кітапта болмаса, оны кім білер еді... [21].

Авестадан парсылардың турлар билеушісінде кеткен Силваршанның (Силвуш) өшін алу үшін күреске аттанғандығын бейнелеген тұстарды ұшыратамыз. Авестадағы Силваршан кейінгі замандардағы парсы жазбаларында Силвуш атымен тілге алынған. Аңыздарға және жазбаларға қарағанда, Иран шахы Кайковус ұлы, сонымен бірге Афрасиабтың да күйеу баласы болған Силвуш Афрасиабтың салтанатына қауіп төндіре бастаған көрінеді. Ол біреулердің арандатуымен Силвушты өлтірткен. Силвуш ұлы Кайхусрау әкесінің кегін алу үшін өзі бас болып Афрасиабқа қарсы соғысқа аттанады. Авестада дем беруші көркем, алтынкөзді Хаоманың Ізгілік, Тағдыр, Сенім Құдайы, әлемді басқарушы күш - Ашаға жалбарынған жәйттері айтылған:

Жолымды бергін,*
 Мейірімді Аша.
 Терең Чайчаст көлінің
 Жағалауларында
 Өш алатын турандық
 Франхрасьяндан.
 Айлакерлікпен өлтірілген
 Силваршан үшін және Нарава қаһарманы
 Ахраарат үшін
 Өш алайын
 Франхрасьяндан.
 Тұтқындайын Тұрандық батыр
 Франхрасьянды.
 Қол-аяғын байлап әкелейін
 Жауыз тұтқынды
 Хұсрау алдына... [22].

Авестада парсылардың Тұран және оның патшасынан өш алуға деген ұмтылысының себебі Афрасиаб - Франхрасьянның Иранға қауіп-қатер төндіріп, көптеген қасірет әкелгендігімен түсіндіріледі. Бұл жәйт Афрасиаб пен Иран шахы Кайхусрау арасында өрбіген тарихи қарым-қатынастарды еске салады. Кейінгі замандардағы парсы шығармаларында франхрасьян есімінің орнына Афрасиабты қолданған. Барлық парсы шығармаларында осынау патшалар тағдыры, оқиғалар желісі бір арнада берілген. Соған қарап біз Афрасиабты тарихи тұлға деп тануымыз. Оны Тұран патшаларының жиынтық образы деп білетіндер де бар. Кейбір авторлар оны тіпті аңыздық кейіпкер деп есептейді. Алайда

* Үзінді автордың аудармасында беріліп отыр.

сол аңыздардың негізінде бір шындықтың ізі жатқан болуы керек және олар белгілі бір тарихи оқиғалардың өрбуіне байланысты туындап, кейініректе түрлі жағдайларға байланысты өзгерген түрде әдеби-поэтикалық қалыпқа келтірілген болуы керек.

Афрасиаб екі сөзден

- афро және силбтан құрастырылған. Силб-
- силх об кара су деген сөз. бірақ Афрасиабты бір неше мағынада да түсінуге болады. Араб тілінде “фарас”-ат, ал көпше түрдегі “Афраас” аттар дегенге тура келеді. Ал парсы аңыздары мен жазба әдебиеттерінде қаһармандарға ат-“асп” сөзі қосып айтылатын дәстүр қалыптасқан-тын. Мысалы: “Шахнамада”, “Гушт//асп”, “Арж//асп”, “Лухр//асп” сияқты көптеген есімдер ұшырайды. Демек, Афро осилх - кара ат, кара ат мінген кісі мазмұнын береді. Парсыларда Афроз басқа мағынада да, мысалы биіктік мағынасында да қолданылады. Сондай - ақ, “фра” және “Афра” сөздері шахтарды сипаттағанда “фар” (сезімдік емес, нұр, сұлулық) мағынасында, яғни данқ, керемет, үлкен мәнінде де қолданыла береді [23].

Жоғарыда айтылғандарға қарахандықтардың (IX-XII ғғ.) өздерін Афрасиабтың, яғни Қарахандықтар зәу-затының ұрпақтарымыз деп танығанын қосыңыз. Бәлкім, Афрасиаб аты бізге белгісіз болған Тұран хаканының парсылар берген атауы немесе лакабы шығар. Бірақ та парсы және түрік шығармаларындағы оқиғалардың баяндалуы мен бейнеленуі олардың тарихилығына күмән туғызбайды. Авестадағы жәйттер турлар патшалары мен Иран шахтарының арасындағы қайшылықтың жалпы рухын көрсетеді.

Парсылық әдеби деректер бойынша, Афрасиаб Кайхұсрау тарапынан өлтірілген. Ал ассириялық және грек деректерінде Мидия шахы Киаксар (Кайхұсрау) скифтер билеушісі Мадиезді татуласу қонақасында у беріп өлтіреді. Соған қарап кейбір зерттеушілер Афрасиабты Мадиезбен (Мадува) тәндестіреді де, Ал Ер Тонганы оның лакабы деп біледі және де бұл тұжырымын Юсуф Хас Хажиб пен М. Қашқаридің еңбектерімен негіздеуге тырысады. Бұл тұжырым, әрине, әрі қарай дәйектей түсуді талап етеді.

Афрасиаб өлімі түрік жұртының күш-қуатының әлсірей бастауына әкеліп соқтырды. Алдымен Иран шахтары, кейінірек А. Македонский бастаған грек басқыншылары түрік жерлеріне шабуылдауын күшейтіп, олардың бірсыпырасын басып алды. Афрасиаб өлген күн Кайхұсрау елі үшін мереке, шаттық күні, ал түріктер үшін қайғы, аза күні болды. бұл жөнінде “Алп Ер Тонга” дастаны бітілген [24]. Алп Ер Тонга деп аталған Афрасиабтың сипаттары жөніндегі түрік аңыздарын, ортағасырлық түрік авторларының шығармаларын (Қашқари, Баласағуни, Табризи, Науаи, Әмір Темір және т.б.) қарастырып, талдау бұл мәселенің көптеген қыр-сырын ашып айқындауға септеседі. Бұл жөнінде келесі мақаламызда арнайы сөз болмақ.

Афрасиаб қайтыс болғанда, артында қалған елі жоқтау шығарған. Сол жоқтау ауыздан-ауызға тарап, одан ХІ ғасырда түрік ғұламасы М.Қашқаридің “Түрікше сөздігіне” кірген, сөйтіп біздің дәуірімізге жеткен.

Алп Ер Тонгаға арналған жоқтау–ежелгі түрік әдебиетінің алғашқы нұсқаларының бірі болып есептелген. Енді жоқтауды оқиық:

Алп Эр Тўнга ўлдиму
 Эсиз ажун колдиму,
 Ўзлак ўчин алдиму,
 Эмди юрак йиртилур [25].
 Улишиб эран бўрлаю,
 Йиртин яқа урлаю,
 Сикриб уни йўрлаю,
 Сигтаб кўзи уртулур [26].

Алп Ер Тонга өлді ме?
 Жаман дүние қалды ма?
 Заман өшін алды ма?
 Енді жүрек жыртылар...
 Бөрідей болып ұлыды,
 Жыртып жаға тұрысты,
 Жылап-сықтап жүрісті,
 Көз жастары мол болды..*

Бұл жоқтаудың кейінгі кезеңдерде өмір сүрген түріктердің, соның ішіндегі қазақтардың да осы орайдағы жырларының толғауларымен, сондай-ақ мазмұны, суреттеу тәсілдері, құрылымы, ырымы мен ырғағы жағынан егіз қозыдай ұқсас екендігі көзге түсіп тұр. Бұл Афрасиаб заманындағы этникалық ерекшеліктер мен кейінгі заман түркілерінің арасындағы байланыс-бірлікті көрсетіп тұрған керемет дәлел-дәйек емес пе?

Соған қарамастан батыс тарихшылары Д.Синор, Жан Пауль Роух және басқалары тұрандықтардың түрік тектес екендігіне күмәндана қарайды. Олар “Шахнама” жарық көргеннен кейін орта ғасырлық түрік авторлары Афрасиаб пен Алп Ер Тонганы тәндестіре, Тұранды түркілер елі ретінде қарастыра бастады. Шынында да бұлардың бәрі бұрынғы көшпелі иран тектес скифтер, сақтар, массагеттер мен парфиялықтар мекен-жайы еді. Бұлар Орталық Азияны мирасқа алған король Фаридунның үш ұлының бірі – Турдың ұрпақтары болып табылады, деп тұжырады (Jean Paul Roux. L'Asie Centrale-Histoire et civilisations. Fayard, 1997) [27].

Өз кезінде В.В. Бартольд та Афрасиаб атауының дыбысталуы түрік тілдері тобының ерекшеліктеріне сәйкес келмейді, деп жазған еді.[28] Әрине, бір елдің атауын да, билеушісінің атын да бөгде қауымдағылар олардың сипаттарына немесе өз заманының басқалай жағдайына қарай өздерінше өзгертіп алып, атай бергендігі жөнінде тарихта көптеген мәліметтер бар.

Ал тұрандықтардың, оның ішінде Афрасиабтың да түрік тектес екендігін айғақтайтын тікелей және жанама дәлелдер мен дәйектеулер бар.

Жоғарыда аталған мәселенің түйінін шешу үшін әуелі жағрапиялық (шекаралық), сонсоң этнографиялық-тарихи деректерге жүгінуге тура келеді. Бұларға келесі мақаламызда арнайы тоқталып өтеміз.

* Үзінді автордың аудармасында беріліп отыр.

Жалпы алғанда, б.д.д. VII ғасырдан бері аты аңызға айналған Афрасиабтың өмірбаянын айқындау Тұран тарихында елеулі орын алуға тиісті. Ол туралы бұрындары толық айтылмай, жазылмай келді.

Тек ертедегі парсы-түрік жазбалары мен аңыздарын егжей-тегжейлі зерттеу арқылы ғана бұл ұмтылысқа қол жеткізуге болатын еді. Біз осындай ізденістің нәтижесінде Афрасиабтың өмірбаянының кейбір тұстарын айқындауға мүмкіндік алып отырмыз.

Айта кету керек, Афрасиаб есімі жүздеген жылдар бедерінде бүкіл Тұран патшаларының жиынтық бейнесі ретінде тарих шаңының астында қалып қоймай, Түрік қауымының жадынан берік орын алып біздің заманымызға дейін жетіп отыр. Мұның жарқын мысалы ретінде қазақ ақындарының шығармаларын көрсетуге болады. Олар Афрасиабты (Алп Ер Тонғаны) шалқар шабытпен жырға қосып түріктің ұлы тұлғасы ретінде таныған еді. Бұл ретте Мағжан Жұмабаев былай деп толғайды:

Тұранның жері де жат, елі де жат,
Құйындай бастан кешкен күні де жат!
Тұранды түгелімен билеп тұрған
Ертеде ертегі хан Афрасиаб
Ежелден жер емес ол қарапайым,
Білесін тарихты ашсаң, Тұран жайын
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайын.
Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?![29]

Афрасиабты бұдан 1000 жыл бұрын өмір сүрген Хұсейн ибн Халиф Табризидің “Түркістан патшасы” деп білгендегі де осынау жалғастықтың үзілмей келе жатқандығынан дерек береді.

(Жалғасы бар)

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Фирдавсий А. Шохнома. Иран Ислам Республикасы. Қатре баспасы, 1999 ж., 1367-бет.
2. Başlangıçından Günümüze Kadar. Türkiye Dışındaki Türk Edebiyatları Antolojisi. Kültür Bakanlığı. Ankara, cilt 1, 1993, 33-бет.
3. Фирдавсий. Шахнаме. Т.2.М., 1960, 266-354-б.
4. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі (“Диуани луғат-ит турк”). Алматы, “Ана тілі”, 1993, 17-б.
5. Потапов Л.Т. Очерки по истории алтайцев. М., 1953, 251-б.
6. Фирдавсий А. Шохнома. Тошкент, 1984, 350-б.
7. Казахский фольклор в собраниях Г.Н. Потанина. А., 1972, 67-68-бб.

8. Başlangıçından Günümüze kadar... 33-бет
9. Фирдавсий, 255-256- бб.
10. Бұл да сонда, 289-290-бб.
11. Бұл да сонда, 341-б.
12. Бұл да сонда, 343-б.
13. Бұл да сонда, 387-б.
14. Бұл да сонда, 386-б.
15. Başlangıçından Günümüze kadar..., 34-б.
16. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М., 1964, 166-б.
17. Агеева Е.И., Пауевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана—Труды ИИАЭ АН Каз ССР. Т.1. Алма-Ата, 1956. 57-б.
18. Шахнама және халық. Тегрон, 1362.
19. Бұл да сонда.
20. Энциклопедия и адабилт ва санъати тоҷик.- Иборат аз 3 чилд. Чилд 1. Душанбе, 1988, 197-б.
21. Юсуф Хос Хожиб. Қутадғу билиг. 2-нашр.-Т.: 1972, 102-103-б.
22. Зардушт. Авесто. - “Санъат”, 1995, N : 10, 21-22- б.
23. Фарханги Забони тоҷики.-Иборат аз ду чилд. М.: Сов. энциклопедия, 1969.
24. Қошғарий М. Девону луғотит турк. Уч томлик. Т.: 1963.
25. Қошғарий М. Девону луғотит. Уч томлик. Т.: 1963. т.1, 77-б.
26. Қошғарий М. Девону луғотит. Уч томлик. Т.: 1963. т.1. 197-б.
27. Jean Paul Roux. L' Asie Centrale - Histoire et civilisations. Fayard, 1997.
28. Бартольд В.В. Сочинения. Том V.М.: 1968, 79-б.
29. Мағжан Жұмабаев. Шығармалар, 1 том, Алматы, “Білім”, 1995, 187-188-б.